

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Изтаева В.А.

К.п.н., доцент КазУМОиМЯ*

АННОТАЦИЯ

Азаматтық қоғам және қарым-қатынаста (серіктеспен сөйлесу барысында) немесе мемлекетпен кикілжің кезінде күшке ие болады, бұл құқықтық қоғам институттары өздерінің заңнамасы бойынша, жоғарғы деңгейлі және ұлттық жүйе заңнамасына тәуелсіз қызмет етеді дегенді білдірмейді. Тек мемлекеттік билік-легитимділік жоғарғы билік арқылы басқарылатын, заңның арқасында мемлекетте жүзеге асырылатын мемлекет азаматтық қоғамда әсерлі қорғаныс болып, жалпы ортақ саяси қауымдастықта оның жеке мүдделерін синтездей алады.

Тірек сөдер: азаматтық қоғам, ұлттық діл, нарық және нарықтық қатынас жағдаяты, заңдарды бекіту, жеке тұлға ретінде рух бостандығы, қоғамық тәртіп

ANAYASA HUKUKU TEMELINDE SIVIL TOPLUM KURULUŞLARININ OLUŞUMU

ÖZ

Sivil toplum ve ilişkilerinde (ortaklarla konuşma sırasında) veya devletle çatışma halinde güce sahip olabilir. Bu yasal toplumsal kurumlar kendi kanunlarına göre, üst düzeyde ve ulusal sistem yasalarından bağımsız faaliyet edeceği anlamına gelmez. Sadece devlet yetkilileri yasal gücüyle yönetilen kanun sayesinde ülkede yürütülen sivil toplumda etkili bir savunma olup genel politik toplumda onun kendi kişisel çıkarlarını sentezleyebilir.

Anahtar Kelimeler: Sivil toplum, ulusal zihin, piyasa ve pazar ilişkileri, yasaların onaylanması, bireyin ruh özgürlüğü

* email: iztaeva.venera@mail.ru

К.п.н. В.А., доцент КазУМОиМЯ

Азаматтардың санасында алпауыт мелекеттің қажеттілігі туралы түсінік тамырланып кетті. Мемлекеттік ақыл-ой жүйесі басты ерешелігі болды. А.Грамши бұл ерекшелікті бұлай түсіндірді: «Мемлекет Шығыс Азаматтық қоғам бірінші орында, аморфтық күйде болды». Батыста екі мемлекеттер арасында және азаматтық қоғамда ретке келтірілген қарым-қатынас болды, және мемлекет әлсіреген кезде азаматтық қоғамның нық жүйесі дәл сол кезде сыртқа шығатын. Мемлекет тек артында мықты қамал мен казематов бар бастапқы ор болды.¹

Мемлекетсіз (мемлекеттік органдарсыз және мемлекеттік билікті басқа институттар) азаматтық қоғам (оның институттары) қазіргі заманауи түсінікте болмаушы еді. Азаматтық қоғам күш пен дамуға дәл қарым-қатынас бағытында даму (әріптес пен сұхбат) немесе мемлекетпен қарама-қайшылықта (дау дамайда) ие болады, бұл мемлекеттік қоғам өзінің мықты және саяси режимдегі ұлттық жүйеге тәуелді емес заңдары бойынша қызмет етеді дегенді білдірмейді. Сонымен қатар егер азаматтық қоғамға саяси әдістер арқылы оған тәртіп орнатып отырмаса, ол азаматтық болып қала алмайды.²

Мемлекетте заңды жоғарғы билік арқылы басқарылатын мемлекет-мемлекеттік билік бола алады, азаматтық қоғамның өзінен болатын әділетсіздікке нәтижелі қорған бола алады және оның жалпы саяси қауымдастықта жеке қызығушылықтарын жинақтай алады. Азаматтық қоғамның пікірінше «жоғарыдан» бастамашылық ете алады, бірақ директивті нұсқау жасай алмайды, болмаса мемлекетте экономикалық қарым-қатынаста дамитын азаматтық қоғамның негізінде экономика динамизмі орналасқан. Серпінді дамып келе жатқан экономика биліктің орталықтандырылуымен үйлеспейді; ол көбінесе оның модульді мүмкіндіктерімен, өздерінің нарықтық қатынас және нарықтық жағдаяттары білім құрылымына сәйкес азаматтық қоғамға сай.³

Азаматтық қоғам мемлекеттің жүйесін талдамас бұрын, шет елдердің тәжірибесіне жүгінейік. Заманауи азаматтық қоғамның басым батыс тұжырымдамасы оның саяси салаға бағытталған (ортақ шешім шығарушы), бірақ саяси салада бұл жүйелер қамтылмаған мемлекетпен қарым-қатынасын адамдармен әрекеттестігі деп анықтайды.⁴ А. Де Токвилдің артында "азаматтық және саяси қоғамды бөлетін Э.Арато да «демократияның тұрақтылығы және оның болашақта дамуы азаматтық және саяси қатынасқа байланысты» екеніні атап өтті.⁵ Осылайша ол, осы немесе басқа саяси қоғамды бөліп, байланыс саласында ерекшеленген және де азаматтық қауымдастық пен қозғалыс негізінде экономикалық қоғам мен экономикалық қауымдастықтың арасындағы ерекшеліктерді анықтайды.⁶ Сонымен қатар неоконмуитарлы тұжырымдамамен.⁷ Батыста мемлекет пен азаматтық қоғамның контрактуралды доктринада корсетілген идеологиялық байланысы туралы

¹ Грамши А. Избр. соч.: В 3-х томах. М., 1957. Т. 3. С. 200.

² Гражданское общество: истоки и современность СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2000. С. 10.

³ Правовые основы взаимосвязи гражданского общества и государства. М., 1997. С. 195.

⁴ Арато Э. Концепция гражданского общества: восхождение, упадок и воссоздание и направления для дальнейших исследований // Полис. 1995. № 3. С. 50, 51.

⁵ Кулиев М.Р. Гражданское общество и право: опыт теоретического исследования. М., 1997. С. 110.

⁶ Витюк В.В. Становление идеи гражданского общества и ее историческая эволюция. М., 1995. С. 59.

⁷ О различных вариантах теории контрактурализма Дж. Роулса и Н. Лумана М., 1997. С. 421–423

біршама басқаша түрі пайда бола бастады. Контактuaлизм тұжырымдамаларына сәйкес.⁸ мемлекеттің басты тапсырмасы институттарда құқықтық кеңістіктің әмәрлі түрде жүруін бақылау. Дегенмен, осындай жағдайларда бірнеше маңызды сұрақтар пайда болады: кім бақылайды? Азаматтық қоғамды мемлекет қаншалықты дұрыс немесе бұрыс бақылайды?

Бақылаушыны өз міндетін дұрыс атқармағандығы үшін қалай жауапкершілікке шақырса болады? Оны кім жасау керек? (Бұл мәселеде ол қаншалықты білікті болуы керек)? Егер бұл бақылаушы соншалықты мықты болса (мемлекет үлкен мемлекеттік-басқарма аппаратына және қаржы мүмкіндіктеріне ие), одан бір нарсе сұрай алады ма?

Тағы бір жолы бар- азаматтық қоғамның мемлекеттен жоғарылауы. (Т. Пейс и Т. Пейн). Әсіресе бұл жол мемлекет тек зұлымдық, және бұл сала неғұрлым аз болса, соғұрлым жақсы дейтін Т.Пейс үшін ең маңызды. Шамамен бұл көзқарас А.Токвиль мен Дж. С.Милгесай.⁹ Пікірімен келіспеуге болмайтын Калашниковке ұсынғандай жоғарыда келтірілген ұстанымдар шегі болып табылады. Шынайы өмірде мемлекет пен қоғам бұрын да тығыз байланыста болған және солай қала бермек: мемлекетте де, азаматтық қоғамда да мейірімділік пен зұлымдық бұрыннан араласқан және іліскен.¹⁰

Мемлекетті азаматтық қоғам қалыптасуының құралы («құқықтық мінбе») ретінде қарастыратын тағы бір тәсіл И.Канттың пікірлерінде көрініс тапты. Ол мүшелеріне толыққанды бостандық берілетін қоғамда ғана табиғаттың ұлы мақсаты – адамға аманатталған келешектің дамуына қол жеткізуге болады дей отырып, адамзат үшін басты мәселені «жалпыға бірдей құқықтық азаматтық қоғамға жету» деп санайды. Сонымен бірге, табиғат осы мақсатқа өз күшімен жеткенді қалайды. «Міне, осы себепті, ішкі заңдардағы ең жоғары деңгейдегі еріктілікке қарсы тұруға болмайтын зорлықпен үйлесетін қоғам, яғни, толыққанды әділетті азаматтық құрылыс адамзат үшін табиғаттың жоғарғы міндеті болуы керек. Өйткені, осы міндетті шешу мен орындау арқылы табиғат біздің тегімізге қатысты басқа да мақсаттарға жете алады».

Еркіндік жайлы сөз қозғай отырып, И.Кант азаматтық қоғам онсыз болмайтын әрі толықтай дамымайтын құқыққа, сонымен қатар, заң қабылдау жолымен ішкі қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын мемлекетке ерекше көңіл бөледі. Азаматтық қоғамға арналған И. Канттың мұрасын талдаған Е.С.Строев бүгінгі және ертеңгі күннің талабына сай келе алатын тиімді мемлекет ғалымдар «азаматтық қоғам» деп атайтын әлеуметтік қатынастардың кең көлемдегі жиынтығынсыз мүмкін емес: «Біз, мемлекеттік басқарудың тәжірибешілдері, азаматтық қоғам ұғымынан топтар мен адамдар қызметінің ерікті әрі еркін өнімі болып табылатын және жеке, топтық қызығушылықтар мен қажеттіліктерді жүзеге асыруда қызмет ететін мемлекеттік емес әлеуметтік қатынастар және институттар жүйесін ұғынамыз».

⁸ История политических и правовых учений. М., 1997. С. 421–423.

⁹ Калашников С.В. Конституционные основы формирования гражданского общества. М., 2001. С. 29.

¹⁰ Арато Э. Концепция гражданского общества: восхождение, упадок и воссоздание и направления для дальнейших исследований // Полис. 1995. № 3. С. 75-77.

К.п.н. В.А., доцент КазУМОиМЯ

Мемлекет, отбасы, тайпа, ұлт, діни және басқадай тұтастық ұғымдарынан бөлек «Азаматтық қоғам» санаты Гегельдің «Құқық философиясында» толықтай қамтылған. Онда, бір жағынан, бастамашылардың еңбегі сыни тұрғыдан қаралса, екінші жағынан, азаматтық қоғам теориясының этатистік негізін тұжырымдап әрі мемлекет азаматтық қоғамның кепілі екенін дәлелдей отырып, «азаматтық қоғам-мемлекет» оппозициясының диалектикасын талқылауда негізгі жаңа элементтерді енгізеді.

Гегельдің азаматтық қоғамдағы институционализация құқықтық мәселенамасына қызығушылығы еркін рух идеясының тұлғалық болмысы тұжырымдамалық ұғымының бірыңғай дамуында анық көрінген. Құрамына абсолютті идеяның, табиғат пен рухтың даму сатысын қосушы жалпы әлемдік схематикада құқық «супертриаданың» соңғы мүшесіне жатады. Өз кезегінде, рух эволюциясы субъективті, объективті және абсолютті сатыларға бөлініп, әрқайсысы сол триадалық қағидатқа сәйкес дамиды. Екінші саты, яғни, объективті рух, триадаға мынадай құқық береді: тар мағынадағы құқық (дерексіз құқық), моральділік және адамгершілік. Құқықтың болмысы - дерексіз құқық пен моральділік арқылы адамгершіліктің өрлеу әлемі. Дерексіз құқық цивилистка (меншік, келісім) мәселелерінің және қылмыс пен жаза («құқық емес») маңызды бөлігін қамтиды. Моральділік қылмыс құрамының субъективті жағынан басталып, философиялық моральда (ниет пен игілік, жақсылық пен ар-намыс) дәстүрлі түрде қаралатын аксиологиялық санатқа ауысады. Адамгершіліктің соңғы санатына отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет жатады.

Гегельде азаматтық қоғам «отбасы мен мемлекеттің арасында» орналасқан; соңғысы «саяси дене» ретінде анықталып, азаматтық қоғамды бақылайды. Мемлекет азаматтық қоғам институттарынан мейлінше жоғары сатыда орналасқан. Осы мәселеде И. Бентам, Ж. Сисмонд, Л. фон Штейннің ойлары бір жерден шығады.

Аталған қос ұстаным әлі де ақырғы шек болып саналады және мемлекет пен азаматтық қоғамның идеал-типтерге бөлінуі эвристикалық тұрғыда пайдалы болса да, онда қоғам мен мемлекет қарым-қатынасының (С. Перегудов және отандық авторлар бөліп көрсететін) түрлі аспектілері қолданылады.

Біріншіден, генетикалық тұрғыдан: еуропалық тарихта азаматтық қоғам өзара көмекпен құрылды. Корольдік билік автономды қалаларға ықпал етсе, азаматтық қоғам демократиялық мемлекеттің құрылуына септігін тигізген басты факторлардың бірі болды. Екіншіден, бір-бірімен арақатынастылық мәнінде болды. Өйткені, тек қана азаматтық қоғам мемлекетке ықпалды қадағалау жүргізіп қоймай, мемлекеттің өзі де азаматтық қоғамның жеке және бірлескен қызығушылын азайтты. Қос міндет те бірдей қажет болды.

Гегельдік этатистік дәстүрдің бірқилы жалғаушысы буржуазды азаматтық қоғамның шарасыз құлдырауын дәйектеген К. Маркс болды. Бұл құлдыраудың заңдылығы XIX ғасырдың ортасында өндірістің дамуына тежеу болған капиталдық жолдың келешексіздігі ретінде айтылған. К. Маркс гегельшілдіктен материализмге өту кезеңінде былай жазды: «Шындығында отбасы мен азаматтық қоғам мемлекеттің алғышартын құрайды; олар нағыз әрекет етушілер, спекулятивті ойлауда мұның бары басқа түседі». Марксизм үшін осындай ұсыныстың орын

және алдағы дәуірдегі азаматтық қоғамның мемлекетпен қатынасының мәні жайлы экстрополяциясы тән. «Азаматтық қоғам,- деді К. Маркс және Ф. Энгельс,- өндіруші күштің анықталған даму сатысы аясында индивидтердің барлық материалды қатынасын бауырына алады. Ол берілген сатының түгелдей сауда-өнеркәсіптік өмірін қарамағына алады және мемлекет пен ұлттар аралығында, ұлттан сыртқары шығып, мемлекет ретінде іштей құрылуы керек».

Азаматтық қоғамға жоғарыдан бастамашылық етуге болады, бірақ директивті жарғымен құруға келмейді. Себебі, азаматтық қоғамның негізінде экономика динамизмі жатыр. Расында, бұл өктемшіл жүйеде барлығы бағынышты екендігін, экономиканы және нарықтық қатынастарды абсолютті басқару базасында азаматтық қоғамды құруға болатындығын көрсететіндей қиял туғызады. Құрылысы бойынша тура келгенімен, мазмұны сай келмейді.

Осы тандемнің қалыптасуы мен дамуында келісе қатар өмір сүрудің тепе-теңдік қағидаты мен құрылысы бастапқылық қағидаты мен өзгеге қатысты экспансия пішініне орын берген кезеңдерді бөліп алуға болады. Тарихи жоспарда тепе-теңдік қағида емес, көбіне ерекшелік болып саналады.

Материалды өндіріс пен нарық базасына негізделген қоғамның индустриалды типі, мемлекет пен азаматтық қоғамның жарияланған селбесуі негізінде оңтайлы дами алады. Егер мемлекет институты тандемнің мүмкіндіктерін шектесе, азаматтық қоғамның тірегі жояды. Тоталитарлық режимнің үлгісі қалыптасады.

Азаматтық қоғам өзін биліктің беделіне қарсы оппозицияның шын үлгісі деп жариялайды. Азаматтық қоғамның нормасы келісілген қатынасқа индивидтердің бағынуы болып табылады. Тек азаматтық қоғамда индивид бостандық субъектісі мәртебесіне ие болып, өзге саяси ықтиярдың тұтқындығынан, манипуляция объектісі болудан құтылады. Мемлекетпен салыстырғанда азаматтық қоғамның артықшылығын ескере отырып, қоғамдық өмірді мейлінше адамгершілікке сай еткісі келген абстрактсыз қалауды ғана емес, нақты қоғамның дамуының ерекшелігі мен даму заңдылығына баса назар аудару керек.

Азаматтық қоғам мемлекет институты қоғамдық қатынастар тәртібі қызметін тиімді атқара алмағанда, азаматтық мәміле мен дүниетанымдық плюрализмнің алғышарттары жетілгенде, өзіндік мәртебесі бар және мемлекеттік институттармен тең дәрежеде сұхбат жүргізе алатын, мемлекеттің саяси экспансиясына қарсы тұрып, оның ауырлығы болып, монополияға жеткізбей қоғам дамуына қамқорлық ететін жүйеден өзін-өзі қамтитын жүйеге айналуын қадағалайтын қоғамдық институттардың жиынтығы қалыптасқанда пайда болады.

Жаңа еуропалық өркениет қалыптасуы мен дамуы шартында қоғамдық тәртіптің нормаларын қабылдай отырып, адам құқығының ерікті императиві мен бюрократияның билеушісінің пайдалылығы арасында қалып қоятын мемлекет болуы мүмкін. «Бұранда» еріктілігі «мемлекеттік машина» еркіндігіне әдеттегі жеке адамның құқығы дерексіз адамның конституциялық құқығын сақтауда бұзылғанда келіспеушілік танытады. Және тек азаматтық қоғамның арқасында қарама-қайшылық еңсерілмесе де, оның қарқынын баса алады.

Азаматтық қоғам және мемлекет мәдениет институттары ретінде саналады, сондықтан, олардың даму мәселелерін мәдени контекстке сай қарастырған жөн.

К.п.н. В.А., доцент КазУМОиМЯ

Құқықтық, саяси мәдениеттер- азаматтық қоғам мен мемлекетті қалыптастырудың маңызды шарты. Мемлекеттіліктің саяси өзгеруі, қоғамның қалыптасуы құқықтық мәдениет негізінде жүзеге асып, оның мәнін ашуы керек.

Халықтық биліктің екі түрі бар: мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару(көбіне мемлекеттік билікке ұқсас). Егер мемлекеттік билікте бар халықтың, мемлекеттің еркі көрсетілсе, жергілікті өзін-өзі басқаруда жергілікті халықтың билігі ғана жүзеге асады. Мемлекеттік билік органдары мен азаматтық қоғам қарым-қатынасына келесідей негіз береді:

- халық өз билігін тікелей , мемлекеттік билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырады;
- мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және соттық болып бөліне отырып жүзеге асады;
- жергілікті өзін-өзі басқару кепілдендіріледі және мойындалады.

(Н.И. Матузовтың ойынша, «азаматтық қоғам» сөз тіркесі шартты, сондықтан, «азаматтық емес» және «антиазаматтық» қоғам болмайды. Кез келген қоғам азаматтардан тұрады және оларсыз мәнсіз. Тек мемлекетке дейінгі, мәдениетсіз (рушылдық) қоғамды азаматтық деп атауға келмейді. Біріншіден, оның себебі, шалалық, жабайылық әрі дамымағандықтан; екіншіден, ол уақытта «азамат», «азаматтық» ұғымдары болмаған. Азаматтық қоғам - әлеуметтік тұтастықтың дамуының, пісіп жетілгендігінің, әділеттілігінің, парасаттылығының, адамгершілігі өлшеміннің жоғарғы деңгейі. Азаматтық қоғам түсінігінің баяндамасы , автордың пікірінше, оның шынайы болмысы мен табиғатын сипаттайды. Мұнан шығатын қорытынды: мемлекеттік-құқықтық институттар барынша дамыған әрі демократияшыл болған сайын, тұлғаның құқықтық мәртебесі адамгершілікке сай және қоғамның азаматтық атану құқығына ие болады. Алайда, Н.И. Матузов азаматтық қоғамды - еркін индивид- меншіктенуші мен олардың бірлесуіндегі ерекше қызығушылықты түзуші, ішкі мемлекеттік және ішкі саяси қатынастардың(экономикалық, әлеуметтік, мәдени, адамгершілік, діни, рухтық, отбасылық) жиынтығы деп санайды. Мұның бәрі дұрыс еместей көрінеді. Азаматтық қоғамға мемлекеттік емес табиғат тән санат. Онда ерікті қоғамдық бірлестіктер – тікелей мемлекеттің араласуынсыз, бірақ конституциялық құрылымның қағидаттарына сай қызмет ететін азаматтардың өз құқықтары мен заңдық қызығушылықтарын қоғау мақсатында құрылған одақтар, ассоциациялар, қозғалыстар, қорлар, жергілікті өзін-өзі басқару клубтары, қоғамдық ұйымдар көрсетілген. Мемлекеттік емес құрылым мемлекет және оның органдарымен тығыз іс-әрекет жасайды. Қорыта келе, біріншіден мемлекет пен азаматтық қоғам мемлекеттің өзара тәуелді әрі шартталған мәдениет институттары: мемлекетсіз (мемлекеттік органдар және мемлекеттік биліктің басқа да институттары) ұғымның заманауи түсінігінде азаматтық қоғам (олардың институттары) болмас еді; мемлекеттік органдардың қызметін арнайы бір деңгейде шектейтін және қадағалайтын институт - азаматтық қоғамсыз, демократиялық құқықтық мемлекет болмаушы еді.

Екіншіден, азаматтық қоғам институттарын мемлекет тарапынан қолдау мен қалыптастыру тұжырымдамасы болып ҚР мемлекеттік органдары билігінің мемлекеттік кепілдік және механизм қызметінің ұлттық заңдылыққа, саяси режимге

және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық жүйеге негізделген, келесі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталушы болып табылады: олар а) жалпы міндеттер: конституциялық құқық кепілі мен адам және азамат құқығын тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету; құқықтық демократиялық ел қалыптастыру; экономикалық қызметтің кәсіпкерлік және басқа тыйым салынбаған қызметінде ел экономикасының дамуы; б) арнайы міндеттер: қоғамдық бірлестіктердің қызметі мен тіркелуінде қолайлы заңнамалық режим құру; ҚР заңнамасына қайшы келмеген жағдайда мемлекеттің мемлекеттік емес сектордың қызметіне араласпауы; мемлекет және үшінші жақ тұлғалар тарапынан азаматтық қоғам институттарына қаржылық, әдістемелік және ұйымдық-құқықтық қолдау мемлекеттік бағдарламаларын жасау және іске қосу; әкімшілік реформада, жемқорлыққа қарсы қызметте, заңнамалық және нормативті актілер жобасын талдауда азаматтық қоғам институттарының қатысуын қамтамасыз ету.

Үшіншіден, мемлекет пен азаматтық қоғамның теориялық бөлінуі ғылыми тұжырымдамасын мынадай тұжырымдамаларға жіктеу қажет: Олар а) мәні осы ұғымдардың бірлігінде және табиға туыстылығында болатын мемлекет пен азаматтық қоғамның теңестірілуі және өзара шарттылығында, ұқсас институттары мен мақсаты бар әлеуметтік өмірдің бірыңғай біртекті үлгісі қалпында теңестірілуі (Аристотель, И. Кант, А. Грамши); б) өзінің жеке еркіндікте үйлемсіздігімен қауіпті әрі өлшеусіз болатын шектелмеген мемлекеттің жоғарғы билігінен тұратын, мемлекеттің азаматтық қоғамға өктемдігі (Дж. Локк, Т. Гоббс); в) мемлекет пен азаматтық қоғам (олардың түптегіндегі, институттық құрылымындағы, даму мақсаттарындағы айырмашылық) арасындағы генетикалық өзгешелік және қарама-қайшылық (Дж. С. Милль, Т. Пейс, Т. Пейн, А. Токвиль); г) патриархалдық отбасы мен мемлекет арасында орналасатын, мәні азаматтық қоғам баяндамасында еркіндіктің шынайы жағдайы емес тарихи құрылған өнегелі өмір (азаматтар саулығын және олардың құқығына қамқорлық жасауға бағытталған экономика, қоғамдық таптар, корпорациямен институттар) аясынан тұратын, азаматтық қоғам мемлекет институттары мен отбасы арасындағы аралық бөлім (Г. Гегель, И. Бентам, К. Маркс, Ф. Энгельс); д) азаматтық қоғам пайда болуының себептілігі – соңғысы мемлекет институты қоғамдық қатнастар тәртібі қызметін тиімді орныдай алмаған кезде, азаматтық мәміле мен дүниетанымдық плюрализмнің пісіп жетілген жерінде пайда болады (Ж. Сисмонди, Л. Фон Штейн).

К.п.н. В.А., доцент КазУМОиМЯ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Грамуш А. Избр. соч.: В 3-х томах. М., 1957. Т. 3. С. 200.

Гражданское общество: истоки и современность СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2000.

Правовые основы взаимосвязи гражданского общества и государства. М., 1997.

Арато Э. Концепция гражданского общества: восхождение, упадок и воссоздание и направления для дальнейших исследований // Полис. 1995. № 3.

Кулиев М.Р. Гражданское общество и право: опыт теоретического исследования. М., 1997.

Витюк В.В. Становление идеи гражданского общества и ее историческая эволюция. М., 1995.

О различных вариантах теории контрактualизма Дж. Роулса и Н. Лумана М., 1997.

История политических и правовых учений. М., 1997.

Калашиников С.В. Конституционные основы формирования гражданского общества. М., 2001.

Арато Э. Концепция гражданского общества: восхождение, упадок и воссоздание и направления для дальнейших исследований // Полис. 1995. № 3.